# І - БӨЛІМ

## ӨТКЕН ОҚУ ЖЫЛЫ БОЙЫНША ОҚУ - ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ТАЛДАУ

**Кенащы орта мектебінің 2021-2022 оқу жылындағы мектепішілік оқу-тәрбие ісі бойынша жүргізілген жұмыстары**

Мектеп - білім беретін мекен, мұғалім - оның жүрегі. Мұғалім оқушыға білім береді, ал білім өмірге өте қажет. Бүгінгі жас ұрпақ-ертеңгі мемлекет тұтқасын ұстаушы білікті маман, ел тағдырын шешуші азамат.Уақыт талабына сай білім мазмұнын жаңарту- басты міндетіміз. Егемен еліміздің білім беру жүйесі мен мектептері қазіргі жағдайда жаңа адамды қалыптастыру бағытында жұмыс жүргізуде.

Мектеп басшысы: **Садуова Гульнар Сериковна**

Оқу ісінің меңгерушілері: **1.Ташимова Асем Канатовна.**

**2. Ерболат Адай;**

Мектепте 20 мұғалім дәріс береді.

Жоғары санатты – 3,

Бірінші санатты –9,

Екінші санатты – 4,

Санаты жоқ - 4

| | **Жоғары санатты** | **Бірінші санатты** | **Екінші санатты** | **Санатсыз** |
|---|---|---|---|---|
| **2021-2022 оқу жылы** | 3 | 9 | 4 | 4 |
| **Сапалық көрсеткіш** | 15% | 45 % | 20% | 20 % |

Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша мектебіміздің 85% мұғалімдері курстан өтіп, сертификатталды.

Деңгейлік курстан өткен мұғалімдер саны:

1 деңгей – 1

2 деңгей – 1

3 деңгей - 4

2021-2022 оқу жылынның басында мектебімізде – 73 оқушы болса, оқу жылын 70 оқушымен аяқтадық.

1 – 4 сыныптар -34;

5 – 9 сыныптар-31;

10 – 11 сыныптар – 5 оқушы.

4 тоқсанның қорытындысы бойынша оқу үздіктері – 13 , екпінділер – 26, үлгермеушілер – жоқ.

**2021-2022 оқу жылындағы Кенащы орта мектебінің Жылдық оқушылардың қозғалысы мен білім сапасының көрсеткіші.**

| № | Сынып | Оқушылардың саны | Келген | Кеткен | Үздік | % | Жақсы | % | Оқу үлгерімі | Білім сапасы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 | 9 | - | - | - | - | - | | - | - |
| 2 | 2 | 10 | - | - | 3 | 30 | 3 | 30 | 100% | 60% |
| 3 | 3 | 7 | - | - | 2 | 28,5 | 3 | 43 | 100% | 71,4% |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | 4 | 8 | - | - | 2 | 25 | 4 | 50 | 100% | 75% |
| **1-4** | **барлығы** | **34** | - | - | **7** | **20,5** | **10** | **29,4** | 100% | **50%** |
| 5 | 5 | 6 | - | - | 3 | 50 | 2 | 33.3 | 100% | 83% |
| 6 | 6 | 10 | - | - | 2 | 20 | 2 | 20 | 100% | 40% |
| 7 | 7 | 5 | - | - | - | - | 3 | 50 | 100% | 50% |
| 8 | 8 | 4 | - | - | 1 | 25 | 3 | 75 | 100% | 100% |
| 9 | 9 | 6 | - | - | - | - | 1 | 17 | 100% | 17% |
| **5-9** | **барлығы** | **31** | - | - | **6** | **18** | **11** | **35,4** | 100% | **53%** |
| 10 | 10 | 4 | - | - | - | - | 4 | 100 | 100% | 100% |
| 11 | 11 | 1 | - | - | - | - | 1 | 100 | 100% | 100% |
| **10-11** | **барлығы** | **5** | - | - | - | **20** | **5** | **100** | 100% | **100%** |
| | **Жалпы** | **70+(9)** | - | - | **13** | **18,5** | **26** | **42,6%** | 100% | **63,9%** |

Қазіргі білім беру жүиесі деп отырғанымыз – мектепті жаңалау, білімді, тәрбиені әлемдік білім беру жүйесіне қарай ыңғайластыру. Кейінгі кездері білім беру саласында жаңа технологияны қолдануға баса назар аударылуда. Сондықтан мектебіміз **« *Белсенділік таным арқылы инновациялық білім сапасын арттыру»***тақырыбы бойынша жұмыс жүргізуде.

**Жұмыстың мақсаты:**

- Білім беру деңгейінің сапасын көтеруде оқытудың жаңа инновациялық технология ізденісін енгізу.
- Оқу – тәрбие үрдісіндегі өзін-өзі тану бағытына жаңаша көзқараспен қарау.
- Озық іс-тәжірибе жинақтап, тарату.
- Жас маманмен жұмыс жүргізу.
- Дарынды оқушылармен ғылыми жоба жүйесін дайындау.
- Тілдерді ұлттық мәдениет арқылы насихаттау.
- Ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік ұрпақ тәрбиелеу.
- Жаңа технологиялық әдіс – тәсілдерді пайдаланғанда көбінесе оқушылардың жеке қасиеттерін дамыту,ой белсенділігін арттыру мақсатында көзделеді.

**Жұмыстың міндеттері:**

- Мектеп мұғалімдерінің тематикалық-күнтізбелік жоспарын бекіту.
- ҚР Білім туралы Заңының 8-бабының 7-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндетіне орай жаңа педагогикалық, ақпараттық технологияларды меңгертуді және оқытуды ұйымдастыру.
- Озық тәжірибелі мұғалімдерімен мастер – класс, семинар-тренинг, коучинг өткізу,желілік қоғамдастықты ұйымдастыру.
- ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2001 жылы 2 ақпанда өткен Білім және ғылым қызметкерлерінің съезінде «Баршаға білім беру моделінен таңдауы бойынша білім беру моделіне көшу» деген сөзін басшылыққа ала отырып,мұғалімдердің сабақ үрдісінде жаңа педагогикалық технологиялармен дәріс беруін қадағалау.
  «Жас ұстаз» мектебін ұйымдастыру. Жас мамандарға тәлімгер ұстаз тағайындау.
- Мектепішілік, аудандық, облыстық семинарлар өткізу.

- Коммуникативті, функционалды шәкірт дайындауда дарынды оқушылармен жекелей жұмыс жүргізуді ұйымдастыру.
- Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы жұмыс жүйесін қалыптастыру ,білім беру сапасын көтеру

**Мектебімізде 5 әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді. Олар:**

1.Гуманитарлы пәндер бірлестігі: Жетекшісі: Бекболатова Б.К.

2.Жаратылыс- математикалық бағыт әдіс бірлестігі: Жетекшісі: Кешуова К.С.

3. Бастауыш сынып әдіс бірлестігі: Жетекшісі: Жусупова М.К.

4.Өзін-өзі тану әдіс бірлестігі: Жетекшісі: Аубакирова К.Ж.

5. Сынып жетекшілер ӘБ: Жетекшісі: Ерболат Адай.

Әрбір бірлестіктің жоспарлары бойынша көптеген жұмыстар атқарылды.

Педагог қызметкерлер ұжымы білм беру сапасын көтеру барысында жаңа технологияны және кейбір ұстаздар жаңа технологияның элементтерін пайдаланды.

Атап айтар болсақ: **Дамыта оқыту, модульдік оқыту, деңгейлеп оқыту, ақпараттық оқыту, интегралдық оқыту, коммуникативтік оқыту, үш деңгейлі дифференциялық оқыту, тірек сызбаларды пайдалана оқыту, сын тұрғысынан ойлау арқылы оқыту, инновациялық оқыту.**

Осындай жаңашылдықтың әсерінен мектебіміздің жетістіктері де аз емес.

Кенащы орта мектебінің жанындағы «Ақбота» шағын орталығының жұмысы.

«Бала естігенін айтады, көргенін істейді» - деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата- анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс- тұрысынан , сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алады. Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт-дәстүр, мақал-мәтел, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, ертегілер, айтыс, өлеңдер арқылы сіңіру ата-анамен тәрбиешілердің басты міндеті. Әсіресе, балабақша тобындағы балдырғандарға ертегінің тәрбиелік маңызы мол. Ол сәбидің қиялына қанат бітіріп, бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуына жол бастайды. Нәтижесінде баланың тіл байлығы дамып, сөз қоры молаяды. Осы кезден бастап сөйлеу танымдық, ал ойлау сөйлеу әрекетіне айналады. Білім мен тәрбиені ұштастыра отырып, өз-өзіне сенімді, жарасымды, жан-жақты дамыған, ақыл- ойы жетілген бала қалыптастыру арқылы оның рухани дамуына жол береміз. Ақбота тобында барлығы 14 бала тәрбиеленді, оның 6-ы ұл бала, 8-ы қыз бала болды. Балабақшамыз үлгілік оқу бағдарламасына сай ұйымдастырылып, стандарт негізінде жыл бойына жұмыс жасалынды. Аталған бағыттар бойынша балғындар білім игерді.

**-коммуникация**

**-таным**

**-денсаулық**

**-шығармашылық**

**-әлеумет**

Балғындар аталған салалар негізінде , осыған сәйкес құрылған циклограмма арқылы жануарлар, құстар әлеміне табиғат ондағы өсімдіктерді күтіп баптау, табиғатты аялау, қардың, боранның,жауынның болуы яғни, табиғаттағы құбылыстармен танысып, математикадан біреу, көп ұғымдарымен, пішіндермен танысып оны салуды және айыруды игерді,сурет пен жапсыру, мүсіндеу сабақтарында гүлдің суретін салса, жануарлардың дене мүшелерін жалғыстырып салуды, осыған сәйкес тақпақ жырлармен тілдерін машықтанып үйренді. Сондай-ақ, сергіту сәті арқылы дене қимыл-

қозғалысына келіп, бой сергітулер жасап отырды. Бір сөзбен нақтыласам, көру есту, зейін , ес және ойлау қабілеттерін дамыту, өздігінен іске машықтандыру. Мониторинг жүргізу арқылы индикатор жүйесі арқылы **бастапқы, аралық, қорытынды** бағалаумен білімдері жинақталып, жалпы **жиынтық есебі** беріліп отырды.Білім сіңіру мен қатар, балабақшада көптеген мерекелік іс-шаралар өткізіліп, жаңаша заман оқу технологияларын қолдана сабақтар өтті. Тілдер мерекесіне, Алтын күзге, Тәуелсіздікке ашық сабақ өткізіп, Жаңа жыл мерекесін, Әз-Наурыз мерекесін жас буынға берер тәрбие тағылымы мол, ертеңгіліктерді атауға болады.Әсіресе, Президент күніне орай «Менің Отаным», «Ғарышқа саяхат» тәрбие сағаттары балғындарға біздің елдегі ғарышкер ағалармен танысып, ғарыш әлеміне саяхаттады. Жас ерекшеліктерін еске ала отыра , түрлі топта сайыстар өткізілді.Ата-аналармен байланыс жүргізіліп, түрлі ойындар мен тренингтер өткізіліп отырды.

Жыл аяғында 9 бала балабақшамен қоштасып, дайындық сыныбына кетті.

Мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілерімен жұмыс. Біздің келешегіміз жас ұрпақ. Жас ұрпақтың тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.Ұрпағымыздың тәрбиесі қоғамнан тыс жеке тұрған құбылыс емес екендігі баршамызға аян. Осыған орай кез келген бүлдіршін үшін шағын орталық тәрбиесі ата анадан берілген тәлім тәрбиені одан әрі жалғастырып, жандандыруы сөзсіз. Ұлттық тәрбиенің негізі ана сүтімен, ана тілімен ең алғашқы бесік жырының әлдимен беріледі. Ал бүлдіршіннің тілге, білімге деген қызығушылығы оның ойлау қабілеті, танымдық қажеттіліктері шағын орталықта қалыптасады. Еліміздің ертеңгі болашағы өсіп келе жатқан жас ұрпақ болғандықтан ұрпақ тәрбиесіне аса жауапкершілікпенқарау баршамыздың жауапты міндетіміз. Осы жас ұрпақтың бүгіні мен келешегі ойлау барысында елбасының Жолдауындағы Қазіргі жас буын, бүлдіршіндер-мемлекетіміздің мықты тірегі деп атап көрсеткеніндей жас ұрпақтың жан жақты қалыптасуының негіздері мектепке дейінгі мекемеден бастау алады.

2021-2022 оқу жылында мектепалды даярлық топқа 8 бала қабылданды. Оның 4 – уі қыз бала болса, 4 ұл бала. Мектепалды даярлық тобы биылғы оқу жылын жаңартылған білім аясында бастады. Соған сай Қазақстан Республикасы білім және ғылым министірлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсан № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жұмыс істейді.Оқулықтар: А.Е Манкеш, М.И Нүсіпбаева, С.А Сейілғазиева, С.Н Жиенбаева, З. Муфтибекова, Ә.Б Ақпаева, Л.А Лебедева, Г.К Қиялбекова, Г.М Құрманғалиева, Ә.С Әмірова, К.Анартаева, Г.Ә Кубекова Алматыкітап баспасы 2018 жыл.Перспективалық жоспар құрылды, әр 9 айға өтпелі тақырыптар құрылды. Олар:

1.Мен кіммін және қандаймын?

2. Мектеп не үшін керек?

3. Менің айналамда кімдер бар?

4. Менің айналамды не қоршап тұр?

5. Жолдар бізді қайда бастайды?

6. Салт – сәстүрді білу үшін не керек?

7. Мен үшін не дәмді не пайдалы?

8. Денсаулықты қалай күту керек?

Осы өтпелі тақырыптар бойынша әр сабаққа тақырыпшалар беріліп циклограммалар жазылуда.

1. Экология\ қоршаған ортамен танысу сабақтарында балалардың алған білімдері: жыл мезгілдерін, ауа райын бақылай алды, еліміздегі мерекелерді, балабақша қызметкерлерін, балабақшадағы бөлмелерді ажыратып үйренді. Үй

және дала жануарлары, құстар,өсімдіктер,жәндіктерді қалай күту керектігін үйреніп игерді.

2. Математика/құрастыру: сабақтарында балалардың алған білімдері: геометриялық пішіндерді (үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек, сопақша, тіктөртбұры), сандарды(1-ден20-ға дейінгі), өлшемдерді(ұзын-қысқа,алыс-жақын,тең-тең емес,аз-көп, қанша-сонша), кеңістік ұғымдарын (алдында-артында, оң-сол, астында-үстінде),тәулік бөліктерін (таңертең, күндіз, кешке, түн), түстерді (қызыл, сары, жасыл, көк, күлгін, қызғылт,қоңыр), апта күндерін ажыратып үйренді. Геометриялық лотоны игерді.

1. Мүсіндеу/жапсыру сабақтарында балалардың алған білімдері: мүсіндеу құрал-жабдықтарымен материалын пайдаланып әр түрлі әдіс-тәсілдерді (домалақтау, ұзынынан созу, шымшу, қуыстау) игерді. Мүсіндеу кезеңдерін білді, қол қимылдары дамыды. Үй жануарларын, құстарды, ойыншықтарды, тағамдарды, ыдыстарды мүсіндеп саусақ бұлшық еттері дамыды. Жапсыру іс-әрекетін меңгерді, тазалыққа, ұқыптылыққа үйренді. Жапсыру кезінде жемістерді, өсімдіктерді, ойыншықтарды, киімдерді қиып жапсыра білді, шығармашылық қабілеттері дамыды.

2. Сөйлеуді дамыту сабағында балалардың алған білімдері: өтпелі тақырыптарға сай мектеп, отбасы, мамандықтар, көкөністер мен жемістер, жануарлар, жиһаздар, техникалық үй заттары, ертегілер туралы білім алды. Тілдің дыбыстық мәдениеті бойынша дыбыстардың айтылуы мен жазылуын үйренді, сурет бойынша әңгіме құрауды , сұраққа толық жауап беруді үйренді.

3. Көркем әдебиет сабағында балалардың алған білімдері: балалар сұрақ-жауап әдісі арқылы сурет бойынша әңгімелеуді, ертегілердің мазмұнын ауызша айтып беріп, оларды сахналады («Мақта қыз бен мысық», «Үш аю», «Жақсылыққа жақсылық», «Бауырсақ», «Шалқан»). Қысқаша шығармаларды мұқият тыңдап, әңгімелеп берді, тақпақтар жаттап мәнерлеп айтып үйренді.

4. Сурет сабағында балалардың алған білімдері: түстерді (қызыл, сары, жасыл, көк, күлгін, қызғылт,қоңыр), пропорцияны, пішінді, сурет салудың әдіс-тәсілдерін меңгерді. Балалар қоршаған ортаны, аңдарды, құстарды, ойыншықтарды, көлік түрлерін, ұлттық бұйымдардың суретін салып, оларды әшекейлейлей білді. Геометриялық пішіндерді, гүлдерді, ойыншықтарды өз еріктерімен сала алады.

5. Ән-күй сабағында балалар әр түрлі репертуарларды орындап үйренді, әрбір мерекеге орай ән жаттап, оны салудың тәсілдерін білді. Музыкалық билер биледі («Гүлдер» биі, «Жаңбыр» биі, «Аспазшылар» биі, «Көңілді би», «Қара жорға» биі). Ән- күй сабағын музыка жетекшісі Гүлнар Мұқташевна жүргізді.

6. Дене шынықтыру сабағы дене шынықтыру мұғалімінің жетекшілігімен өткізілді. Балаладың әр түрлі жаттығулар мен қимылдар арқылы бойлары өсіп, денсаулықтары нығайып, шымырлана түсті.

7. Сауат ашу сабағында әріптер мен дыбыстарды танып, оларды баспа түрінде жазу берілген. Сөз, сөйлем, дыбыс, буын ұғымдарымен толықтай танысып, сызба бойынша сөйлем құрастыру. Сөздерді буынға бөлу, сурет бойынша әңгіме құрастыру берілген.

Балалардың сабақ үлгерімдері жақсы. Оқушылардың көбі кітаппен қамтылған.

Белсенді балалар: Маман Мерей, Шайменова Жанель, Көпей Бекзат, Анесов Абильмансур.

Бастауыш сыныптар әдістемелік бірлестігінің жұмысы.

Бастауыш сыныптар мұғалімдері әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жыл бойы барлық іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастырып, өткізіп отырды. Бастауыш сынып аралығындағы апталық жоспарға сай өткізілді.

«Тілдер Заңының» қабылданған уақытынан бері аталынып келе жатқан тілдер мерекесі Кенащы орта мектебінде оқу жылы басталысымен жылдағы дәстүр бойынша қыркүйек айында онкүндік өткізілді. Белгіленген жоспар бойынша түрлі тапсырмалар ұйымдастырылып, оқушылар әр ұлт киімін киіп, сол таңдаған ұлттардың салт-дәстүрін, өнерін ортаға салып, белсенді қатысты.

Сондай-ақ, белгіленген жоспар бойынша қазан айында қазақ тілі апталығы өз дәрежесінде өткізілді. Оқушылар пән мұғалімдері ұйымдастырған түрлі сайыстарға, ойындарға қатысып, пән бойынша білімдерін толықтырды, белсенді қатысқан оқушылар мақтау қағазымен марапатталды.

Апталық барысында жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып пән мұғалімдері ашық сабақтар мен тәрбие сағаттарын өткізіп, жоғары бағаланды.

Баланың жеке тұлғасын қалыптастыру – оның рухани әлемін байыту, жеке дарындылығын дамыту. Осы мақсатқа жету жолында да аз жұмыстар жасалған жоқ.

1 сентября ·

Кеңашы ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде 2021-2022 оқу жылының басталуына орай "Алғашқы қоңырау" мерекелік салтанатты жиыны болып өтті. "Алғашқы қоңырау" мерекесі 1-сынып бүлдіршіндерін салтанатты түрде ортаға шақырумен басталды. Мерекелік іс- шараны мектеп директоры Садуова Гульнар Сериковна мектеп табалдырығын аттап отырған бүлдіршіндерді, оқушылар мен ата-аналарды құттықтау сөзімен бастап, жаңа еңбек жолына қадам басқан жас мамандарға ақ жол тіледі. Салтанатты... **Ещё**




Кеңашы а.ЖОББМ-нде "Тілдер мерекесі" онкүндігі аясында 8-сынып оқушыларымен Мұқағали-мәңгілік ғұмыр" атты ашық сабақ өтті. Пән мұғалімі: Бекболатова Б.К.






ҚР ТЖМ өртке қарсы қызмет Комитеті басқармасының бастығы Ерлан Төрегелдиев: "біздің азаматтарға қысқы кезеңге жылыту жабдықтарын дайындау қажеттілігі туралы келесіні хабарлағым келеді.

- жылыту пештері мен жүйелерінің түтін мұржалары, түтіндіктері және басқа да элементтерін күйеден тазарту және жылыту кезеңінде тазалауды жүргізу;
- пешпен жылыту кезінде: жанып жатқан пештерді қараусыз қалдырмау, сондай-ақ оларды бақылауды балаларға тапсыру; пештерді жағу үшін тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолданбау; желдету және газ арналарын түтін жолдары ретінде пайдалануға жол бермеу.

Осы қарапайым ережелерді сақтай отырып, сіз өзіңізді және жақындарыңызды өрттен сақтайсыз ❗ ❗ ❗ ".

Начальник управления Комитета противопожарной службы МЧС РК Ерлан Турегелдиев: «Хотелось бы обратиться к нашим гражданам о необходимости подготовки отопительного оборудования к зимнему периоду.
Так необходимо:

- дымовые трубы, дымоходы и другие элементы отопительных печей и систем очистить от сажи и в течении всего отопительного периода проводить очистку;
- при эксплуатации печного отопления: не оставлять без присмотра топящиеся печи, а также поручать контроль за ними детям; не применять для розжига печей легковоспламеняющиеся и горючие жидкости; не допускать использование вентиляционных и газовых каналов в качестве дымоходов.

Соблюдая эти нехитрые правила вы убережёте себя и своих близких от пожара ❗ ❗ ❗ ».



17 сентября

«Кеңащы ауылының ЖОББМ» КММ бойынша
мектепте хиджаб киюге тиым салынғандығы, ондай жағдайлар
туындаған жағдайда оның алдын алу бойынша өткізілген іс-шаралар жайлы ақпарат

14 қыркүйек күні мектебіміздің жоғары сынып оқушылары және ауылдың ақсақалдарымен «Жат діни ағымдар», «Діни экстремизімнің алдын алу», «Мектепте діни сипаттағы киімдерді киюді болдырмау» тақырыптары аясында аудандық ішкі саясат бөлімінің арнайы ұйымдастыруымен, сонымен қатар ауыл әкімі Бермағамбетов Самат Қайырбекұлы жетекшілігімен облыстан теолог Шарипов Тоқсанбай Қайкенұлы келіп, тәлімі мол кездесу өткізді. Кездесуге ауыл әкімі, облыстан келген арнайы өкіл, теолог Шарипов Тоқсанбай Қайкенұлы мектеп директоры, ауыл ақсақалдары, дінтану мұғалімі Әбілда Н.И., 8-11-сынып оқушылары қатысты. Арнайы өкіл мемлекеттің шығарған заңына бағыну керектігін, қазіргі уақыт ақпараттың заманы болғандықтан, әлеуметтік желілер арқылы келген хаттарды сүзгіден өткізіп барып, басқа адамдармен бөлісу керектігін, егер, ол жалған ақпарат болатын болса, оның артында заң алдында жауап беру керектігін тілге тиек етті. Ойланбай опық жегенше, әр істелген іске саналы түрде бару керек екендігін түсіндірді. Сонымен қатар, мектепке діни сипаттағы киім кию жайттарын болдырмаў, біздің заңымызда мектепте діни сипаттағы киімдерді киюге тыйым салынғандығы, әр мекеменің ішкі басқару тәртібі бар екендігін, оған барша қауым бағыну керек екендігін ескертті. Кездесу барысында оқушылар толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, толық жауаптарын алды. Бұған қоса, сынып жетекшілер ата-аналармен, сынып оқушыларымен жекелей де түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



23 қыркүйек күні Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай өткен аудандық «Тарих білгірлері» атты квест ойынына Кеңащы а.ЖОББМ-нің «Жалын» тобы қатысып, командалық есепте I орынға ие болды.

**Өткен аптада «Менің кіші-Отаным» атты аудандық жас тарихшылар байқауына мектебімізден 2 оқушы қатысты. Олар: 9-сынып оқушысы Қуанышұлы Әбілмансұр, 10-сынып оқушысы Маман Айтжан. Байқау 2 турдан тұрды. 1 тур қазақстан тарихынан 30 сұрақ, 2 тур эссе. Байқау қорытындысы бойынша9-сынып оқушысы Қуанышұлы Әбілмансұр аудандық кезеңнен сәтті өтіп, облыстық кезеңге жолданды.**

1 қазан қарттар күніне орай «Қарты бар ел, қазыналы ел» атты тақырыпта қарттарымызды құрметтеу, ардақтау мақсатында

ауылымыздың ата-әжелеріне арналып бейнеролик әзірленіп, құттықтау жасалды.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында ұстаз мәртебесін көтеру бойынша көптеген жұмыстар атқарылды. Соның бірі «Педагог мәртебесі» туралы заң қабылданды. Мектебімзде ұстаз мамандығының иелеріне құрмет көрсету мақсатында мектепте «Ұстаз-ұлы тұлға» атты құттықтау концерттік бағдарламасы мен ұстаздар жайлы плакаттар әзірленді. Барлық атқарылған жұмыстар әлеуметтік желілерге жарияланды.













5 қазан күні тәрбие ісі меңгерушісі Ерболат Адаймен «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» атты тақырыпта сынып сағаты өтті.

6 қазан күні мектептің педагог-психологы Бермагамбетова Динара Бауыржановна «Отбасындағы қыз тәрбиесі» атты тренинг өткізді.

7 қазан күні мектептің тарих пәнінің мұғалімі Әбілда Нұргүл Исақызы 9-10-сынып оқушыларынан «Қыздарға арналған сауалнама» алынды, ал жоғары сынып оқушыларымен «Дөңгелек үстел» ұйымдастырылды. Апталық барысында отбасындағы қыз бала тәрбиесіне қазақ халқы бей-жай қарамайтыны, әр отбасы қыз бала өмірге келгеннен бастап тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетіндігі сөз болды. Қыз баланың бойында ұқыптылық, сабырлық, инабаттылық, кішіпейілдік сияқты









қасиеттерді дарыту әр отбасының арманы. Болашақ ұрпағының игілігін көру, онымен мақтаныш ету біз айтпасақта түсінікті. Апталық барысында 5-11-сынып аралығындағы барлық оқушылар қамтылды. Қыз бала құқығы тапталып жатса сенім телефондары жұмыс атқаратындығы, ол «Сенім телефондары» жайлы мектепте баннер, стендтер бар екендігі ескертілді. Қыз балалармен атқарылатын жұмыстар осы апталықпен тоқтап қалмайды, жыл бойы әр сыныптың тәрбие жоспарына сай жұмыстар жүргізіле береді.

2021-2022 оқу жылындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыс жоспарына сәйкес I тоқсанда оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстару. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында айлық іс-шара жоспары жасалынып өткізуде.
Құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған іс-шаралар барысында «Сен-өз құқығыңды білесің бе?»/9-сынып/, «Сақ жүрсең, сау жүресің»/6-сынып/, «Құқықтық сауаттылық-уақыт талабы»/7-10-сыныптар/, «Менің құқықтарым-менің міндеттерім /1-4-сыныптар/ сонымен қатар т.б. сынып сағаттары мен сауалнамалар алынып, жоспарға сай жұмыстар жалғасуда. Айлық қараша айының 20-сы күніне дейін жалғасады.

**ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Қазақ күресінен» аудандық БЖСМ және мектеп оқушыларының жіктеу жарысында оқушыларымыз Ерболат Нұрәлі-3 орын, Балкенов Аймутали-3 орын, Көпей Арлан-2 орын, Жусупов Мақсат-1 орын, Тоқсанбай Ералы-3 орын, Балкенов Алихан-3 орын, Сакенов Ердос-3 орын иеленді.** Жүлдегерлер Алғыс хат және медальдармен марапатталды. **Жетекші:** Даиров Б.Б. Құтты болсын!https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=396303525239989&id=100045810340076



8-сыныпта "Ас атасы-нан" атты тақырыпта сынып сағаты өтті. Сынып жетекшісі: Бекболатова Б.К.




Қазыналы қарттарымыздың төл мерекесі құтты болсын! "Кеңащы ауылының ЖОББМ" КММ ұжымының құттықтауын қабыл алыңыздар.






5-сынып оқушыларының ұстаздар күнімен құттықтауым қабыл алыңыздар!




https://www.facebook.com/profile.php?id=100045810340076

2021-2022 оқу жылындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыс жоспарына сәйкес I тоқсанда оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстару. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында айлық  іс-шара жоспары жасалынып өткізуде.
Құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған іс-шаралар барысында «Сен-өз құқығыңды білесің бе?»/9-сынып/, «Сақ жүрсең, сау жүресің»/6-сынып/, «Құқықтық сауаттылық-уақыт талабы»/7-10-сыныптар/, «Менің құқықтарым- менің міндеттерім /1-4-сыныптар/ сонымен қатар т.б. сынып сағаттары мен сауалнамалар алынып, жоспарға сай жұмыстар жалғасуда. Айлық қараша айының 20-сы күніне дейін жалғасады.






https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=405103157693359&id=100045810340076&sfnsn=mo
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=406028260934182&id=100045810340076&sfnsn=mo
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=407205524149789&id=100045810340076&sfnsn=mo
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=411233323747009&id=100045810340076&sfnsn=mo
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=411240897079585&id=100045810340076&sfnsn=mo
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=414080796795595&id=100045810340076&sfnsn=mo
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=414089876794687&id=100045810340076&sfnsn=mo
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=414105556793119&id=100045810340076&sfnsn=mo
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=419741462896195&id=100045810340076&sfnsn=mo
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=450570699813271&id=100045810340076&sfnsn=mo
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=425360122334329&id=100045810340076&sfnsn=mo
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=425380048999003&id=100045810340076&sfnsn=mo
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=426728212197520&id=100045810340076&sfnsn=mo
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=429811215222553&id=100045810340076&sfnsn=mo
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=450570049813336&id=100045810340076&sfnsn=mo
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=435519687985039&id=100045810340076&sfnsn=mo
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=437285374475137&id=100045810340076&sfnsn=mo
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=437725817764426&id=100045810340076&sfnsn=mo
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=443339050536436&id=100045810340076&sfnsn=mo
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=444291923774482&id=100045810340076&sfnsn=mo




https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=444509583752716&id=100045810340076&sfnsn=mo

«Кеңащы а.ЖОББМ» КММ-нің 8-сынып оқушысы Аушахманов Дамир Алматы қаласында ұйымдастырылған Республикалық ғылыми жоба байқауына физика пәнінен қатысып, мектеп мерейін көтеріп, жүлделі I орынға ие болып келді. 🏅 Жетекшісі: Каркенова Жанар Хайдаровна. Ғылыми жоба тақырыбы: Адам ағзасына радиация зияны. Ұйымдастырушылар тарапынан оқушымыз диплом мен медаль, ал жетекшісі алғыс хатпен марапатталды.

1-сынып оқушыларының "Менің күзгі демалысым" тақырыбында салған суреттері. Сынып жетекшісі: Абзелова А.Н.



Бүгін, яғни 03.12.2021 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мектебіміздің 2-11 сынып оқушылары "Туған жер" тақырыбында жас ерекшеліктеріне сай диктант жазды. Басты мақсат: оқушылар сауаттылығын арттыру, туған жерге, Отанға деген сүйіспенші... Ещё



**Акимат Кенащи**
29 дек. 2021 г.

Балалық шақтың жарқын естеліктерінің бірі Жаңа жыл мерекесінің алар орны ерекше. Бүгін мектебімізде санитарлық талаптарды сақтай отырып, балаларға ар... Ещё



23- қараша Жалпыадамзаттық құндылықтар күніне орай өткізілген "Сүйіспеншілік-адамның басты қасиеті, ақиқат-оның негізі, дұрыс әрекет - оның шынайы өмірі" тақырыбында 8-сынып оқушыларымен сынып сағаттары өтті. Сынып жетекшісі: Бекболатова Б.К.






"Кальмар" ойынының зияны жайлы орта буын оқушыларымен сынып сағаты өтті. Сынып жетекшісі: Әбілда Н.И.



Андрей Ястребов и еще 6

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай аудандық дене шынықтыру және спо... Ещё



Айлық жоспарға сай, 8-сынып оқушыларымен "Бала құқығы-асыл қазына" тақырыбында сынып сағаты өтті. Сынып жетекшісі: Бекболатова Б. К.



"Кеңащы ауылының ЖОББМ" КММ-нің 10-сынып оқушыларынан құралған Теміржан Е., Маратова А., Аманжол О., Маман А. командасы үстел теннисінен іріктеу кезеңінде іркілмей өтіп, финалдық кезеңге жолдама алды. ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!! Жетекшісі: Даиров Б.Б.



«Кеңащы а.ЖОББМ» КММ-нде III тоқсанда да тәрбие жұмысы жоспарға сай жұмыстар атқарылды. Қаңтар айының 10-ы мен ақпан айының 10-ы аралығында мектебімізде салауатты өмір

салтын насихаттау, оқушылардың дене мәдениетін сақтау мақсатында 1 ай бойы «Шаңғы шақырады!» атты айлығы өтті. Оған 5-11-сыныптар аралығындағы барлық оқушылар жұмылдырылды.





#Оқуғақұштармектепакциясы

Қаңтар айында әр сынып жетекшісі оқушылардың кітап оқуға ынтасын артыру және кітапқа қызығушылығын көтеру үшін «Кітапқа құштар мектеп акциясын» өткізді.Оқушыларымыз әр оқушының деңгейіне байланысты ертегі, әңгіме, роман үлгілеріндегі шығармаларды оқып, сыныптастарымен бөлісті.





Ақпан айында «Ауған қасіреті» атты апталық өткізіліп, онда Ауған қасіретті" сынып сағаттары, ондағы жауынгерлердің ерліктері жайлы бейнероликтер көрсетілді.

Сонымен қатар, #Сақтансаңсақтаймын #АзаматтыққорғанысжәнеТЖайлығы "Азаматтық қорғаныс және ТЖ" айлығы қарсаңында мектебімізде барлық қызметкерлерді қамтыған оқу-жаттығу жұмыстары өтті. Өткізгендер: АӘД мұғалімі Макулов У.Т. және дене шынықтыру мұғалімі Даиров Б.Б. **Оқу-жаттығу жұмыстарының мақсаты: оқушыларымызбен мектеп қызметкерлерін өмірдің әр қилы, оқыс жағдайларында адам**

**өмірін сақтау, алғашқы көмек көрсету сияқты ізгі қасиеттерді бойына сіңіру болып табылады.**








Наурыз айының 1-9 аралығында «Кеңащы а.ЖОББ» КММ-інде коктемгі су тасқынын алдын алу бойынша барлық сыныптарда «Сақтансаң, сақтаймын!», «Мұзда, өзін-өзі ұстау қадиғадасы» атты тақырыптарда сынып сағаттары өтті. Сынып сағаттарында барлық қадиғаттар оқушыларға жеткізілді. Түсіндіру жұмыстары әлі де жалғасын табады.




#Алғысайтукүні

Мектебіміздің 1-наурыз "Алғыс айту күніне"орай салған плакаттар, сынып сағаттары, мектеп қызметкерлерінің қолдауымен барлық оқушыларға жайылған тәтті дастарқан, сонымен бірге, мектеп тәлімгерінің «Алғыс айту-парызым» атты барша қызметкерлерді қарсы алу бағдарламасымен өтті. Тәтті астан кейін үйде оқитын Галиева Ақниет оқушымызға



тәрбиесі меңгерішісі Ерболат Адай мен көркем өнерпаздар жетекші Макулова Айгуль Кайырбаевна екеуміз мерекеге орай аздаған сый көрсетіп, құттықтап келдік.













8 наурыз - бұл жай ғана тамаша көктемнің мерекесі емес, бұл барлық әйелдерге олардың жұмыскерлігі мен қамқорлығы үшін ризашылық білдіруге мүмкіндік беретін күндердің бірі.

Мектебімізде 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған «Аяулы асыл жандар!» атты мерекелік іс-шара өткізілді.

Мерекелік шарада мейірімділік пен сұлулықтың, даналықтың және рухани қуаттылықтың иелері нәзік жанды әйелдер қауымы үлкен құрметке бөленді.

Ауыл әкімі Самат Бермағамбетов әйелдер қауымын шуақты мерекемен құттықтап, әкімшілік атынан қызғалдақ гүлін сыйлады. Сонымен қатар, ауылымыздағы ерекше отбасылар, соның ішінде жанұяларында 4 қыз бүлдіршін тәрбиеленіп отырған, аналарға әкімшілік атынан алғыс хат және естелік сыйлықтар табыс етті.

Кеште айтылған ізгі тілектер мен шырқалған әннің бәрі асыл ана, адал жар, аяулы апа-қарындастар тақырыбында болды. Мерекелеріңіз құтты болсын аяулы, асыл жандар!!!






18 наурыз күні Ұлыстың ұлы күніне «Қош келдің, әз-Наурыз» атты концерттік бағдарлама өтті. Оған ауыл тұрғындары, барша қызметкерлер, ауыл әкімшілігі, оқушылар қатысты. **Бағдарлама барысында мектеп директоры Садуова Гульнар Сериковна мен ауыл** әкімі Бермагамбетов Самат Кайырбекұлы сөз алып құттықтау тілек білдірді. Бағдарлама соңында барша қауымға «наурыз көже» таратылды.







**19 наурыз күні Наурыз мерекесі қарсаңында Макинка ауылының**

**тұрғыны, Балуан Шолақтың жиеншары Нәби Бекенұлының құрметіне арналған Біржан сал ауданы мектептерінің арасында аудандық «Қазақша күрес» турниріне 3 оқушымыз қатысып, 2 оқушымыз жеңіс тұғырымнан көрінді. Олар: 3-сынып оқушысы Жүсіп Мақсат мен 4-сынып Балкенов Әлимхан. Жетекші: Даиров Б.Б.**

Мерекелік іс-шарадан кейін оқушыларымыз көктемгі демалысқа кетті. Демалысқа кетердің алдында барлық сақтық шаралары түсіндірілді.

Президентіміз Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялағаны белгілі. Осыған орай 19 сәуір күні аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен аудандық МҮ де «Жұлдызды сәт-2022» атауымен өнерлі, талантты, бес аспап балаларды анықтау, олардың шығармашылығын қолдау мақсатында мектеп оқушылары арасында байқау ұйымдастырылды. Байқау 7 аталым бойынша кіл мықтыларды анықтады. Ал мектебімізден «Денені қимылдат» аталымына 4-сынып оқушылары Көпей Бекзат Ерланұлы мен Көпей Аделя Арманқызы қатысып, байқау қорытындысы бойынша I орын иеленіп, мақтау қағазы және бағалы сыйлықпен марапатталды. Жетекшісі: Аубакирова Кумысшаш Жантасовна https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=516488009888206&id=100045810340076

"Кеңащы а.ЖОББМ" КММ-нде жалпыреспубликалық Бірге #ТазаҚазақстан экологиялық акциясы аясында абаттандыру және санитарлық тазалау сенбілігі өтті.





**Біржан сал ауданының «Жастар ресурстық орталығының» «Жастар жылы» аясында**



**ұйымдастырылған «JALYNDY JASTAR-2022» көңілділер мен тапқырлар сайысына біздің мектебімізден «КенТал» командасы қатысып, жүлделі III орынды иеленді. Жетекшісі: Айтен Нұргүл Қанатқызы.**[https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=521880136015660&id=100045810340076](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=521880136015660&id=100045810340076)



**«Мың бала» олимпиадасына 5-сынып оқушысы Шайменова Аделя қатысып аудандық кезеңінен сүрінбей өтіп, облыстық кезеңіне қатысып қазіргі таңда қорытындысын күтудеміз.**

**Балалар жылы аясында, Біржан сал ауданы "Мәдениет бөлімі" және аудандық "Білім бөлімі" мемлекеттік мекемелерінің ұйымдастыруымен 1 - мамыр мерекесіне орай мектеп оқушыларының қатысуымен байқау өтті. Аудан мектептерінен келген оқушылар түрлі ұлт өкілдерінің киімдерін киіп, өнері мен салт - дәстүрлерін дәріптеді. Сайыс қорытындысы бойынша «Қазақ» ұлтының салт дәстүрін көрсеткен мектебіміздің оқушылары жүлделі I орын иеленіп,**







**Алғыс хат және бағалы сыйлықпен марапатталды.**

«Балалар жылы» аясында және Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күні мерекесіне орай «Ел ертеңі-бүгінгі жас ұландар» атты жігіт сұлтаны байқауы өткізілді. Ауыл әкімі Самат Бермағамбетов өз сөзінде «Балалар жылы» және Отан Қорғаушылар күні мерекесімен жастарды құттықтап, ақжарма тілегін жеткізді. Көрермендер арасынан қазылар алқасы сайланып, қатысушылардың өнерін бағалап, ақылын, тапқырлығын сынады.

Таныстыру кезеңінде жігіттердің білім, біліктілігі, сөз саптау, сөйлеу мәнері сыналды. Бұл кезеңде шаршы топтың алдына шығып тосылғандар да болды, арыны қатты ақындар да болды. Ер балалар

жеңіске жету үшін бар күш-жігерін салды. Жалпы бұл сайыстың басты мақсаты- жігіттерді батырлыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру, ұлттық тәрбие құндылықтарын насихаттау, салт-дәстүрлерді сақтау, еңбекке баулу. Байқау қорытындысы бойынша «Жігіт сұлтаны» атанған Темеш Мирас Ғабитұлы

I орынды жеңіп алды,

II орынды Амантай Дәулет Медетұлы,

III орынды Тлсуғабыл Нұрмұхаммед Ардақұлы.

«Білекті жігіт» аталымында – Құсаинов Бахтияр Болатұлы қанжығасына байлады.

Байқау жеңімпаздары ұйымдастыру алқасының бағалы сыйлықтарымен және мадақтамалармен марапатталды.

Тәуелсіз елдің ұландары бабаларының мықтылықтарын танытып, «Жігіт сұлтаны» деген атқа лайық екендіктерін дәлелдеді.



https://www.facebook.com/photo/?fbid=181310864231424&set=pcb.181311814231329

Бабалар ерлігі – ұрпаққа өнеге. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 77-жылдығына арналған іс-шара барысында ержүрек жауынгерлердің рухына тағзым етіп, Ұлы Отан соғысында құрбан болғандардың ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, батырларды бір минут үнсіздікпен еске алдық.Ұлы мақсат жолында қаза болған жауынгерлердің ерлігін ұмытпай, бас ию – бүгінгі ұрпақтың борышы.






**Өткен аптада, яғни 20.05.2022 жылы мектебіміздің 6-7-сыныптарының оқушыларынан құралған «Барыс» командасы аудандық "Жас құтқарушы" сайысына қатысып, мектебіміздің мерейін өсіріп жүлделі II орынға ие болды. Жетекшісі: Макулов Халихан Теміржанович пен Даиров Болатбек**





**Балкенович.**https://www.facebook.com/profile.php?id=100045810340076

18 мамыр күні Көкшетау қаласындағы "Азаматтық қорғаныс жоғары көпсалалы колледжінің" мамандары 8-11 сынып оқушыларымен кәсіби бағдар бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.





«Кеңащы а.ЖОББМ» КММ-нде дәстүрлі «Сыңғырла, соңғы қоңырау» атты соңғы қоңырау мерекесі өтті. Оған мектеп түлектері, ата-аналар, ардагер ұстаздар, мектепті бітіргендеріне 10, 20 болған мектеп түлектері қатысты. Жиында мектеп директоры, ауыл әкімі, ата-аналар құттықтау сөз сөйлеп, түлектерге сәт, сапар тіледі. Ал 10 жылдыққа келген түлектер мектепке колонка, 20 жылдықтар шағын орталыққа ойыншықтар мен 10 велоципед тарту етті.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=539804704223203&id=100045810340076








